



АЙБЫН

Латын әліпбиі күнделікті қолданысқа еніп келеді. Осы аптада инвестициялар және даму министрлігі техникалық реттеу және метрология комитеті, «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» өкілдері және Елтаңбаның авторы Жандарбек Мәлібековтің қатысуымен өткен жиында «Қазақстанның Мемлекеттік Елтаңбасы. Техникалық жағдайлар» заңына өзгертулер енгізу туралы шешім мақұлданды. Соған сәйкес, енді Елтаңбадағы «Қазақстан» сөзі латын қарпімен, яғни «QAZAQSTAN» деп жазылады. Бұл өзгеріс Елбасының «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Жарлығына сәйкес енгізіліп отыр.

(Өз тіліміз)



деп жазылады

ЖАҢҒЫРУ

Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы еліміздің рухани өміріндегі бірқатар өзекті мәселелерді көтеріп, оларды шешу жолдарын да ұсынған болатын. Қоғамның зор қызығушылығына ие болған мақалада Мемлекет басшысы латын әліпбиі мәселесіне кеңінен тоқталған еді. Елбасы осы мақаласында «Қазіргі таңда Қазақстан қоғамының жазу реформасын жедел түрде жасауымыз керек. Қоғамдық сана жаңғырудың негізгі қағидаларын қалыптастыру емес, сонымен бірге біздің заман талабына сай нақты жобаларды жүзеге асыруымызды да талап етеді. Ең алдымен қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек» деп атап көрсетті.

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ



Еліміз 2025 жылы латын әліпбиін қолдануды бастап кетуі тиіс. Бірақ оған дейін де кезең-кезеңімен атқарылатын шаралар жетерлік. Өйткені бүтіндей бір мемлекетті бір әліпбиден басқа әліпбиге ауыстыра салу оңай жұмыс емес. Бұл — қоғамдық сауаттылықты қамти отырып атқарылатын үлкен шаруа. Түбінде латын әліпбиіне көшетініміз анық. Осы бағытта мамандардың пікірі екіге бөлінген болатын. Бірінші тарап — ақпараттық технология мамандары. Олар «ағылшын-латын бағыты бойынша қазіргі компьютер жүйесінен шықпауымыз керек» дегенді айтып, осыған қарай икемдеп жатыр. Ол үшін оң жақ, сол жағынан дәйекші қояды, танбаларды қосақтайды. Олардың айтатын уәжі — қазіргі компьютер жүйесінен шықпау керек дегенге саяды. Екіншіден, арнайы бағдарлама жасаудың қажеті жоқ, қолжетімді болды деген пікірде. Бірақ олар бір нәрсені есепке алмай отыр. Ертең оқулық жазылады, оған әдістеме жасалады, мұғалімдер дайындалады. Сосын мектепте сабақ басталған кезде ол бағыттың қиындықтары біліне бастайды.

Біздер, тіл мамандары, өзіміздің ұлттық әліпбиді жасағанымыз келді. Ұлттық әліпбиі дегеніміз — біздің төл дыбыстарымызды өз алдына жеке қамти алатын, емле ережесі оңай әліпби. Біз бір дыбысқа бір таңба жасауды ұсынып отырмыз. Біздің тілдік-дыбыстық ерекшеліктерімізді айқындайтын қ, ғ, н, ұ, ү, ө сияқты дыбыстарды қалай латыншалаймыз?

(Жалғасы 5-бетте)

ТҮЙТКІЛ

ЖАҒАЛАҒАНЫ ЖАТАҚХАНА ЕДІ. ОЛ ДА ЖОҚ...

Баспана дауы өршіп тұр. Астана іргесінде Ильинка деген ауыл бар. Қалаға қарайды. Сол ауылда тұратын 40-қа жуық отбасы бірнеше күннен кейін үйсіз қалуы мүмкін. Қыс болса, қыр астында. Ал бірнеше жыл бойы жиған-терген тиын-тебеніне жаңадан салынған жатақханадан пәтер алып, қоныс тойын тойлаған тұрғындар қайда барарын білмей дал болып отыр.



(Жалғасы 3-бетте)

ҚҰРЫҚ

АЛАЯҚТЫҢ ЖОЛЫ КЕСІЛДІ



Бұрын қулыққа құрық бойламайды дөуші еді. Қазір адамнан айла артылмайтын болды. Алматыда бір өккі жігіт жұрттың қалтасын қойып, банктегі ақшасына қол салған. Ол қолдан жасалған банк картасы арқылы жұрттың есепшотындағы ақшаны жымқырып жүріпті.

Алматы қалалық ПД баспасөз қызметі хабарлағандай, Алматы облысында туған күдікті ашық деректерден құпия мәліметті алып отырған. Ол мәліметтерді картаға енгізу арқылы, аз көлемде ақша шешіп отырған. Қазірге дейін анықталған дерек бойынша, 35 жастағы азаматтан 114 банк картасы тәркіленген. Қалта мен картаға үйір жігіттің ендігі тағдырын сот шешеді.



БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent)

79,08



DOLLAR

377,74



EURO

437,88



РУБЛЬ

5,48

ҚЫЛБҰРАУ

Шығыс Қазақстан облысында лауазымды тұлғалар Қытайдан тауарды кедергісіз өткізу үшін кәсіпкерден тұрақты түрде пара алып отырған. Шенеуніктердің құлқынын жауып келген ақшаның жалпы сомасы 40 мың доллар немесе 13 миллион теңгеден асады. Бұл туралы sputniknews.kz сайты мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне сілтеме жасай отырып хабарлады.



КЕДЕНДЕГІ «КӨК ҚАҒАЗ»

Хабарламада 2016-2018 жылдар аралығында жеке кәсіпкер ШҚО бойынша мемлекеттік кіріс департаменті экономикалық қылмыстарды тергеу қызметінің аса маңызды істері жөніндегі аға офицеріне және Майқапшағай кеден бекетінің бас маманына Қытайдан тауарды кедергісіз өткізу және қамқорлық жасағаны үшін жүйелі түрде пара беріп отырғаны айтылған. Параның жалпы сомасы — 40 мың АҚШ доллар.

Осы қылмысқа қатысты үш күдікті қамауға алынған. Күдіктілердің кенесінін, тұрғылықты жерін және көліктерін тінту барысында құны 13 миллион теңгеден асатын шетел валютасы тәркіленген.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ЖЕТІСУДЫҢ КИЕЛІ МЕКЕНДЕРІ



1998 жылы 28 қыркүйекте Әлкей Марғұлан атындағы Археология институтының ұсынысымен «аралас санатқа» жатқызылған петроглифтер әлемдік ғалымдарды ерекшелігімен тамсандырды.

(Толығырақ 5-бетте)

SERPIN

Қазақстан бауырлас Түркиямен достық және өзара сенімге негізделген қарым-қатынасқа айрықша мән береді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың осы аптада Анкараға жасаған ресми сапары өзара байланыстарды жаңа белеске шығарды. Екі ел арасында түрлі салаларда ынтымақтастық дамып келеді. Мемлекет басшысының Түркия президенті Режеп Тайып Ердуанмен кездесуінде қарым-қатынасты одан әрі тереңдету жайы талқыланды. Қазақстан Президентінің түріктің аса ірі кәсіпкерлерімен кездесуінде инвестиция, туризм, транзиттік тасымал, ауыл шаруашылығы, әскери-техникалық, мәдени-рухани салаларда өзара байланыстарды нығайту жайы сөз болды. Айта кеткен жөн, Елбасының бұл сапары екі мемлекеттің арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың 26 жылдығына орайластырылды.

Қазак-түрік ынтымақтастығында экономикалық байланыстың маңызы айрықша. Тәуелсіздік жылдары Түркия елімізге үш млрд доллардан астам тікелей инвестиция құйды. Сондай-ақ ол саудадағы серіктестеріміз арасында алғашқы

Ердуанның Қазақстанға келген сапарында іске қосқан едік. Осы бағдарлама шеңберінде құны 800 млн доллар болатын 23 жоба іске қосылды. Соның нәтижесінде үш мың жұмыс орны құрылды. Күні кеше екі елдің бизнес өкілдері жалпы сомасы 1,7 млрд доллардан асатын 24 келісімшартқа қол қойды. Бұл өзара сенім мен ынтымақтастықтың жарқын дәлелі» деді.



СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖОЛЫМЕН

ондықта. Бүгінде 2000-ға жуық кәсіпорын түрік капиталының қатысуымен жұмыс істейді. Алдағы уақытта да казак-түрік ынтымақтастығы жаңа белестерге көтерілетіні айқын. Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың түрік елінің «бизнес капитандарымен» кездесуінде осы және өзге де мәселелер қозғалды. Елбасы аса ірі 25 компанияның басшылары қатысқан жиында осы кезге дейін атқарылған шаруаның нәтижесін қорытындылап, алдағы белестерді бағамдады. Өлгі 25 компания ауыл шаруашылығы, геология, тау-кен, химия өнеркәсібі, машина жасау, тоқыма, жеңіл өнеркәсіп және басқа салаларды өркендетуге үлес қосып отырған алпауыттар. Түрік экономикасының 15 пайызы осылардың үлесінде. Басқосула Елбасы екі елдің арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықтың қарқынды дамып отырғанын атап көрсетті. Өзара сауда-саттық айналымы өткен жылы 27 пайызға артып, 2 млрд долларға жуықтады. Елбасының айтуынша, Казакстанда экономиканың түрлі саласында түрік капиталының қатысуымен 2000-ға жуық кәсіпорын жұмыс істейді. Ірі серіктестеріміздің ішінде Anadolu, «Йылдырым», Ulker, Abdi Ibrahim сияқты ірі компаниялар бар. Оған қоса, өткен ғасырдың 90-жылдарынан бері Ziraat банк қызмет көрсетеді. Президент Нұрсұлтан Назарбаев қос мемлекеттің кәсіпкерлерін қолдауға арналған «Жана синергия» бағдарламасының нәтижесіне тоқталды. Н.Назарбаев осыған орай «Бұл бағдарламаны біз Түркия президенті Режеп Тайып

Мемлекет басшысы Казакстанда бизнесті жүргізуге қолайлы жағдай жасалғанына түрік кәсіпкерлерінің назарын аударды. Атап айтқанда, инвестициялық ахуалды жақсарту жөнінде кешенді жұмыстар жүзеге асырылып жатыр. Кәсіпкерлікті дамыту мақсатында заңнамаға тиісті өзгертулер енгізілді. Дүниежүзілік банктің Doing Business рейтингінде еліміз 190 мемлекеттің ішінде 36-орында. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі мен Kazakh Invest компаниясы жұмыс істейді. Инвесторлар үшін түрлі жеңілдіктер де қарастырылған. 11 арнайы экономикалық аймақ пен 24 индустриалдық аймақ құрылған. Оған қатысушыларға салық және өзге де жеңілдіктер қарастырылған. Мемлекет басшысы түрік инвесторларын Казакстанда бизнес жүргізуге шақырып, еліміздің көлік-транзит әлеуетіне де кеңірек тоқталды. Қазақстан Еуропа мен Азия арасындағы трансқұрлықтық мультимодальды тасымалды белсенді дамытып келеді. Еліміз арқылы халықаралық маңызы бар 5 теміржол және 6 автомобиль жолдары өтеді. Каспий арқылы мультимодальды тасымалды дамыту бағытында үлкен жұмыс атқарылуда. «Нұрлы жол» бағдарламасы мен Кытайдың «Жібек жолы» бағдарламасы бірігіп, үлкен жұмыс атқарылды. Кытайдың Шығыс жағында, Тынық мұхиты шетіндегі Ляньюньонг портында Қазақстанның терминалы салынды. Елбасы бұл жайында былай деді: «Сол порт арқылы Кытай, Казакстан, Ресей арқылы Еуропаға өтіп жатқан контейнерлердің саны жыл сайын екі есеге өсіп отырады. Ақтау портын

жанарттық, оның мүмкіндігі кеңейді. Казакстан-Әзірбайжан-Грузия-Түркия-Карс-Карпачи жолын пайдалансақ, жаңа мүмкіндіктер пайда болады. Қара теңіз, Ресей арқылы келу қиын еді. Қазір тікелей жолмен шығуға мүмкіндік бар, соны пайдалануымыз керек. Енді Бендер Аббас портында Қазақстанның терминалын салудан үміттіміз. Каспий порттарының жалпы жылдық өткізу қуаты 25 млн тоннаға жетті.

Олар Кытайды, Азияның басқа мемлекеттерін Жерорта теңізі арқылы Түркиямен байланыстырады. Бұл мүмкіндікті Түркия компанияларының қолдануына біз әр уақытта да мүдделіміз. Оған барлық жағдайды жасаймыз».

Елбасы, сонымен қатар түрік кәсіпкерлерін Назарбаев Университеті мен Инновациялық технологиялар паркінің базасында құрылған инновациялық кластерлердің жұмысына атсалысуға, туризм саласында бірлескен жобаларды жүзеге асыруды қарастыруға шақырды. Н. Назарбаев бұл ретте «ЭКСПО-2017 базасында «Астана» халықаралық қаржы орталығы (АХКО) құрылды. Ол Нью-Йорк, Сингапур, Лондон, Дубай қаржы орталықтарының ең үздік үлгілері негізінде жұмыс істейді. Оның құқықтық мәртебесі Конституциялық заңмен бекітілген, жұмыс тілі — ағылшын тілі. Қызметі ағылшын құқығымен реттелетін аймақтағы жалғыз орталық, — деп атап өтті. Сонымен қатар АХКО-на қатысушыларға арнайы салық, валюта, виза және еңбек жүйесі бекітілгенін жеткізді. Мемлекет басшысы екі елдің кәсіпкерлерін мемлекетаралық байланысты нығайтуға шақыра отырып, «Өздеріңізге белгілі, қазір әлемде түрлі санкция енгізіліп, Ресей мен АҚШ, Еуроодақтың қарым-қатынасы ушығып тұр. Түркияның Еуропамен, АҚШ-пен қарым-қатынасында жағымсыз құбылыстар байқалады. Екінші жағынан, осы жағдайды пайдаланып, екі ел бір-біріне жоқ тауарды экспорттауына болады. Егер үкіметаралық комиссия мен бизнес қауымдастық мұны шындап қолға алса, ондай тауарлардың тізімін жасауға болады. Біз бір-бірімізге сауданы арттыруға көмектесе аламыз, — деді. Мемлекет басшысы бизнес өкілдерімен кездесу аясында «Коч Холдинг» компаниясының басқарма төрағасы Әли Йылдырым, «Йылдырым Групп» компаниясының басқарма төрағасы Роберт Йүксел Йылдырыммен, «Ояк Холдинг» компаниясының бас атқарушы директоры Сүлеймен Ердеммен жүздесіп, екі елдің арасындағы экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға арналған инвесторлардың жоспарына қолдау білдірді. Елбасы Түркия сапарын қорытындылап, екі ел арасындағы қарым-қатынастың стратегиялық сипат алғанын айрықша атап өтті.

Талап ТІЛЕГЕН

Парламент

Қазақстан Парламенті Мәжілісінің сәрсенбі күнгі жалпы отырысында бірқатар ратификациялық заң жобалары мақұлданды. Оның бірі – «Қазақстан, Түрікменстан және Өзбекстан Республикасы арасындағы үш мемлекеттің шекараларының түйісу нүктесінің ауданы туралы шартты ратификациялау туралы» құжат. Шарттың басты мақсаты – үш мемлекеттің шекараларының түйісу нүктесінің орналасқан жерін айқындау. Сонымен қатар төменгі палата бірқатар жаңа заң жобаларын жұмысқа алды. Олар – «Авторлық және сабақтас құқықтарды ұжымдық негізде басқару тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы» және ТМД қатысушы мемлекеттердің терроризмге және

Қалыптасқан геосаяси жағдайларла шекараны шегендеудің мүмкіндігінше жақын мерзімде аяқтау мемлекетіміздің аумақтық тұтастығына, шекараның мызғымастығына және ел егемендігіне тудыруы мүмкін қауіп-қатерлерді болдырмау үшін ерекше өзекті болып табылады», — сыртқы істер министрінің орынбасары Мұхтар Тілеуберді. Талқылау барысында депутаттар мемлекеттік шекараны шегендеуде Елбасының да ерен еңбегін айрықша атап өту қажеттігін алға тартты. «Тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап Нұрсұлтан Назарбаев мемлекеттік шекарамызды құқықтық рәсімдеу мәселесіне ерекше назар аударып келеді. Президент өзінің «Тәуелсіздік дәуірі» атты кітабында «Қазақстанның мемлекеттік шекарасын саяси растаудың, заң жүзінде рәсімдеудің және халықаралық дәрежеде мойындалуының тарихи маңызын айтып жеткізу мүмкін емес. Достар үшін ашық, жат ығылдылар үшін жабық мемлекеттік шекараның бекітілуі Қазақстан Республикасының

ҚҰЖАТ МАҚҰЛДАНДЫ



экстремизмнің өзге де зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы күресті жүзеге асыратын құзыретті органдарды материалдық-техникалық қамтамасыз етудегі ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы заң жобалары.

Күн тәртібінде қаралған маңызды құжаттың бірі – «Қазақстан-Қырғызстан мемлекеттік шекарасын шегендеу туралы шартты ратификациялау» туралы заң жобасы. Екі ел арасындағы шекараны шегендеу туралы шартқа 2017 жылғы 25 желтоқсанда Астанада Қырғыз Республикасы мемлекет басшысының Қазақстанға ресми сапары шеңберінде

егемендігін әйгілей түсті, ұзақ мерзімге тұрақты бейбітшілікті қамтамасыз етті» деп атап өткен болатын. Мемлекеттік шекара БҰҰ Жарғысымен және Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының 1975 жылғы қорытынды актісімен бекітілген іргелі халықаралық құқық қағидаттарының бірі болып табылады. Осыны ескерсек, бұл шарт еліміз үшін ерекше маңызды», — деді депутат Қожахан Жабағиев. Оның сөзіне қарағанда, шарт екі ел арасындағы екіжақты ынтымақтастықтың 150-ден астам құжаттан тұратын шарт-құқықтық базасын толықтырады. Бұдан басқа, шартта мемлекеттік шекараның бастапқы және соңғы түйісу нүктелері айқындалған.



Мәжіліс мақұлдаған заң жобасы Сенатқа жолданады. Мәжілістің жалпы отырысында, сондай-ақ, халық қалаулылары А.Нұркіна, Ш.Нұрымов, Б.Смағұл, К.Мұсырман, Т.Сыздықов, Е.Никитинская, А.Қоңыров бірқатар мемлекеттік органдардың басшыларына бірнеше депутаттық сауалдар жолдады.

Бейсен НАРЫНБЕК

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

11,5

ман теңге. ІІМ басқармасының басшысы парамен ұсталды

500

баланың ата-анасы екпеден бас тартқан

50 000

теңге. Бас мүфтидің шешімімен 100 имамға жалақы тағайындалды

22 000

Алматыда осында студент жатақханаға зәру

7 сөз

Валютамен ипотекалық несие алғандарға жеңілдік қарастырылатын болды

Бастау

Алдағы үш жылда «Нұрлы жер» бағдарламасына 231,4 млрд теңге бөлінеді деген жоспар бар.

БАСПАНА ҚҰРЫЛЫСЫНА – ҚОМАҚТЫ ҚАРЖЫ

Соның ішінде арендалық баспана құрылысына 25 млрд теңге қарастырылған. Бұл туралы қаржы министрінің міндетін атқарушы Берік Шолпанқұлов хабарлады. Аталған қаржы жергілікті әкімдіктерге бөлінеді. Олар арендалық тұрғын үйге тапсырыс беріп, осы санаттағы баспананы құрылыс компанияларының көмегімен салады. Барлық арендалық пәтерлер әкімдік кезегінде тұрған азаматтарға таратылады.

Сөз-Жебе

Бейбіт МАМЫРАЕВ, Мәжіліс депутаты:

Өз басым «Біздегі жолдар неге сапасыз?– деген ең басты сауалға жауапты алған жоқпын. Меніңше, бұл жолды кімнің салғанына байланысты. Біз заң негізінде нормативтік актілерді дайындаймыз да, содан кейін соның тасасына тығыламыз. Жолдар жарылып, бүлініп жатыр. Бізде кәдімгі күрекпен, қайламен жұмыс істей алатындар жетіспейді. Бас мердігер жеңіп алады (тендер). Ол субмердігер табады. Субмердігер тағы біреуге тапсырады. Сөйтіп, бөлінген ақша жан-жаққа шашылып кетеді. Шала-шарпы жұмысын аяғына дейін жеткізетін мердігер ілуде біреу»

(Басы 1-бетте)

Осыдан бір жыл бұрын салынған жатақхананың әр бөлмесі 2 миллион теңгеден сатылыпты. 37 отбасы үйдің құжатына карамай, қалтасын қағып берген. КТК телеарнасы хабарлағандай, сот орындаушылары келіп, жатақхананың бұзылатынын ескерткенде ғана олар өздерінің алданғанын біліпті. Сот болса, шешімнің былтыр шығып қойғанын ескерткен. Заңсыз құрылыс деп танылған үйді сүріп тастау туралы шешім де шығыпты. 17 қыркүйекке дейін босатулары керек. Әлгі жер сыйпап



Жатақхана жағалағандардың бәрі пәтерді бір адамнан сатып алған. Алданғандардың бірі Дархан Асаубаев деген азамат мұнда былтыр қарашада көшіп келіпті. Бірақ ол пәтер кілтін ұстағалы бері бірде-бір құжат көрмегенін

үкіметке жарықтың ақшасын, судын, кәріз жүйесінің ақысын – бәрін төлеп отырмыз» – дейді. Ал мұнда Дарханнан бөлек, 36 отбасының бәрінде осы жағдай. Үйге қолы жетсе, қазекеннің қамсыз болатыны құпия емес. Құжатқа келгенде «пысықтық» кемшін қанымызда, соның кесірінен опық жеп жататынымыз тағы бар.

Дәл осы жатақхана сияқты заңсыз салынған тағы бір үй бар мұнда. Бұл үйдің де үшінші қабаты мен шатырындағы барлық пәтер сүрілді тиіс. Мұнда да алданған жұрт, суға аққан ақша.

Тұрғындардың айтуынша, әкімдік алдын ала жер иесіне үй салуға болмайтынын ескертті. Бірақ жер иесі рұқсатқа карамай, екі қабатты жатақхана салып, баспанаға мұқтаж

ЖАҒАЛАҒАНЫ ЖАТАҚХАНА ЕДІ. ОЛ ДА ЖОҚ...



қалған тұрғындар бұл үйде былтырдан бері тұрып келген. Үйді салып бергендер құжаттың заңсыз екенін, үй салуға арналмағанын ешкімге айтпаған.

айтады. «Біз үйді сатып алған кезде тек бір келісімшарт қана болды. Басқа осы үйдің әскиздік жобасы, мемлекеттік жер актісінің көшірмесін де ешкім бізге көрсеткен жоқ. Біз

жандарға сатқан. Ал құжат бойынша мұнда жеке үй салынуы тиіс.

Бір емес, бірнеше отбасы осылай тақырға отырып қалды. Ал ғимаратты тұрғызған «Жас отау» қоғамдық қоры төрағасының орынбасары Асхат Тоғысовтың уәжі мынандай: қаланың шетінен баспана алып беруге тырысамыз. Шама-шарқымыз келгенше не үй салып береміз, не салынып жатқан бір үй бар, содан пәтер береміз. Медиативті келісім жасаймыз, міндеттеме аламыз, міндет мойнымызда.

Алайда айдың-күннің аманында оңбай алданып тақырға отырған тұрғындардың құрғақ уәдеден аузы күйген. Олар енді күні кеше ғана шаһардың тізгінін қолына алған су жана әкімнен дәмелі.

Жарас ШӨКЕ
Фото: ktk.kz

БАРЛЫҚ САЛАДА ӨСІМ БАР



Елімізде 8 айдың ішінде 60 млн тонна мұнай мөн қондесат өндірілді. Сөйсенбі күнгі үкіметтің дәстүрлі жиынында энергетика министрі Қанат Бозымбаев осылай деп мәлімдеді.

Ведомство басшысының айтуынша, бұл көрсеткіш 2017 жылдың 8 айындағы нәтижемен салыстырғанда 5,3 пайызға көп. «Қара алтын» өндірісінде Теңіз кен орны көш бастап тұр. Мұнда 19 млн тонна, Қашағанда – 8,4 млн тонна, ал Қарашығанақта да 8,4 млн тонна мұнай өндірілген. Дегенмен аталған үш нысанда тамыз-қыркүйек айларында жоспарлы регламенттік жөндеу жұмыстары жүргізіліп, осы кезеңде өндіру қарқыны біршама төмендеді. Қанат Бозымбаев «Келесі, төртінші тоқсанда осы қарқыны қалпына келеді деп күтілуде. Мұнай экспортының көлемі 48,4 млн тоннаға жетті. Бұл былтырғы осы кезеңмен салыстырғанда 5,7 пайызға артық. Мұнай өңдеу көлемі 10,4 млн тоннаға жетті. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 4 пайызға көп. Жоспарланған 0,1 пайыз өсім бар. Үш мұнай өңдеу зауытында 7,3 млн тонна мұнай өңделді. Былтырмен салыстырғанда 2,8 пайыз, 8 айдың жоспарынан 3 пайыз артып отыр. Ішкі мұнай өнімдерінің нарығы тұрақты. Жанар-жағармай тапшылығы орын алған жоқ», – деді.

Өткен сегіз айдың қорытындысы бойынша, елімізде баспанамен қамту мәселесі де оң

динамика көрсетіп отыр. Инвестициялар және даму министрі Жәніс Қасымбектің дерегі бойынша, қаңтар-тамыз айлары аралығында 7,7 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген. Нақтырақ айтсақ, ел бойынша шамамен 67 мың баспана ел игілігіне тапсырылған. Оның ішінде 26 665 жеке үй бар. Бұл тапсырмаларды орындауда Шымкент, Түркістан, Алматы, Маңғыстау, Атырау, Қостанай және Ақтөбе облыстары алдыңғы шепте келеді. Осылайша, тұрғын үймен қамтуды көздеген жылдық жоспардың 64 пайызы орындалған. Министр айтқан тағы бір дерек, тұрғын үй құрылысына 701,6 млрд теңге инвестиция тартылыпты.

Министрлер мен әкімдердің есебін тыңдаған үкімет басшысы экономиканың даму қарқынын сақтау үшін осы бағыттағы жұмыстарды жалғастыру қажет деген міндет қойды.

Қазақстан Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Асқар Мамин «Тамыз айы бойынша өнеркәсіп өндірісінің индексі 4 пайыздан жоғары деңгейге 5 аймақ жетіп отыр. Олар: Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан облыстары мен Шымкент қаласы. Сонымен қатар 8 айдың қорытындысы

бойынша өнеркәсіп өндірісі индексі 4 пайыздан жоғары деңгейді алты аймақ көрсетті. Олар: Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Жамбыл, Қостанай және Шығыс Қазақстан облыстары. Елбасы қойған міндет экономиканың даму қарқынын 4 пайыздан кем болмайтын деңгейде сақтау. Осы мақсат бойынша жұмыстарды жылдың соңына дейін жалғастыру қажет. Бұл басымдықты мәселе, бақылауда ұстаймыз», – деді.

Жиында сөз болған тағы бір мәселе – цифрландыру бағдарламасының жүзеге асырылуы. Осы салаға жауапты вице-премьер Асқар Жұмағалиев экономика салаларын жедел технологиялық модернизациялау және еңбек өнімділігін цифрлық технологиялармен арттыруға қатысты тиісті шаралардың қолға алынғанын мәлімдеді. Оның ішінде қолма-қол ақшасыз жасалатын төлем, тауарларды маркировкалау, цифрлық инфрақұрылым, мәліметтерді өңдеу орталығы секілді тағы басқа да жобалар бар. Асқар Жұмағалиев электронды саудадағы оң көрсеткішті айта кетті: «Биыл бірінші жартыжылдықта ғана электронды сауда көлемі 101 млрд теңгеге жетті. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда екі есе көп. Қазіргі уақытта біз мемлекеттік органдармен бұл жобаларды іске асырып, тираждайтын боламыз. Бұл жұмыс та біздің тұрақты бақылауымызда», – деді.

Үкімет отырысында Премьер-Министрдің тағы бір орынбасары Өмірзақ Шөкеев ауыл шаруашылығы саласындағы атқарылған жұмыстың есебін баяндады. Оның мәліметінше, сегіз айдың ішінде мал шаруашылығында өсім бар. Экспорт бойынша былтырғы жылмен салыстырғанда, биыл көрсеткіш жоғары. 2017 жылы 5 мың тонна өнім экспортталса, қазір 8 айдың қорытындысы бойынша 7290 тонна өнім сыртқа сатылған. Бірақ биылғы индикатор – 15 мың тонна. Жыл соңына дейін әлі 8 мың тоннаға жуық тауар халықаралық нарыққа шығарылуы тиіс. Бұл бағыттағы жұмыстар бойынша Түркістан, Павлодар, Батыс Қазақстан облысы жақсы нәтижеге қол жеткізіп отыр. Апта сайын селекторлық жиын өткізіп, Өмірзақ Шөкеевтің өзі бұл тапсырманы бақылауында ұстап отырған көрінеді. Дегенмен «өнірдегі әкімдер де бақылаудан шығармағаны дұрыс» деп ескертті.

Бейсен НАРЫНБЕК,
Астана

Биылғы жылдың 8 айы ішінде 1,5 миллионнан астам науқас тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілді. Бұл туралы денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов мәлімдеді. Азаматтардың өз денсаулығын қорғауға арналған конституциялық құқықтарын іске асыру мақсатында «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекс осы саладағы бірқатар мәселелерді шешуге бағытталды.



ЕЛЖАН БІРТАНОВ:

«ТІЗІМГЕ ЕНГЕН ДӘРІ-ДӘРМЕК ТЕГІН БЕРІЛЕДІ»

2017 жылғы көрсеткіш бойынша дәрі-дәрмекпен қамтуға бөлінген жалпы қаржы 458,6 млрд теңгені құрады. Оның 181,2 млрд теңгесі тегін медициналық көмек көрсетуге жұмсалды. «Денсаулық» бағдарламасы аясында 2005 жылдан бастап елімізде тегін және жеңілдікпен емдеу жүйесі жұмыс істеп келеді. Елжан Біртановтың айтуынша, 2010 жылдан 2018 жылға дейін бір дистрибьютор арқылы дәрі-дәрмектерді сатып алу 31,3 млрд теңгеден 196,6 млрд теңгеге дейін өскен.

Сондай-ақ министр 2018 жылы дәрі-дәрмектер мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алудың орталықтандырылған жүйесіне тоқталды. Орталықтандырылған бірінші дистрибьютордың тізімінде 2018 жылға қарай 1 117 дәрі-дәрмек пен медициналық мақсаттағы бұйымдар бар.

Осылайша, биылғы жылдың қыркүйек айының көрсеткіші бойынша «СК-Фармация» ЖШС қоймасына 1069 дәрілік заттар мен медициналық техника (99%) жеткізілді.

2018 жылға дейін бірінші дистрибьютордың тізімінде қант диабетімен ауыратын науқастарды қамтамасыз ету үшін 48 дәрі-дәрмек пен дәрілік заттар енгізілген. Бүгінгі күні диабетпен ауыратын науқастарды емдеуге арналған дәрі-дәрмектер түгелдей сатып алынды. Дәрі-дәрмектің артық қоры «СК-Фармация» қоймаларында сақталып, кез келген уақытта медициналық ұйымдарға жіберіледі.



«Стационарлық науқастар үшін дәрінің 633 түрі тегін. Амбулаториялық науқастар үшін дәрінің 484 түрі тегін. «СК-Фармация» отандық дәрі-дәрмекті сатып алу жөнінде ұзақ мерзімді 50 келісімге отырды»


(2018 жылы «СК-Фармация» қамтамасыз ететін дәрі-дәрмектің 30%-ы отандық өндірістен шыққан)

қосымша арқылы министрлікке хабар беруі тиіс. «SMS-хабарлама бойынша өткен жылы жүргізілген пилоттық жоба келесі жылы іске қосылады. SMS-пен растау арқылы тегін дәрі-дәрмектің сатылып кетпей, науқастың қолына тигеніне көз жеткізіп едік. Сонымен бірге, келесі жылы арнайы мобилді қосымша шығарамыз. Онда науқас өз рецептілерін көріп, дәрінің уақытылы жеткенін министрлікке хабарлай алады», – деді министр.


Сонымен қатар Е.Біртанов тізімге кірген препараттардың ғана тегін берілетінін еске салды. «Кей жағдайда дәрігерлер дұрыс түсіндірмейді. Арнайы тізімдегі дәрі-дәрмектер ғана тегін беріледі», – деді ол. Тегін дәрі-дәрмекті уақытында ала алмаған науқастар шағымдануы тиіс. Денсаулық министрінің бұған қатысты пікірі қысқа да нұсқа: «Фармация комитетінің жергілікті департаментіне

ДӘРІ-ДӘРМЕКПЕН ҚАМТУ

Қаржыландыру (млрд теңге)



Қамтылған науқас саны



Дереккөзі: денсаулық сақтау министрлігі

Қазіргі уақытта барлық емханалар электронды жұмыс форматына ауысып жатыр. Министрлік науқастардың нақты саны мен оларға қажетті дәрілерді онлайн-бақылауға алды. «Ең бастысы, цифрландыру дәрінің жетіспеушілігі

телефон соғып, хабар бергені жөн. Барлық фактілерді міндетті түрде тексеріп, қажетті әкімшілік және құқықтық шешімдерді қабылдаймыз».

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

4



www.jasqazaq.kz

Е-mail: jas_qazaq@mail.ru

Еділ мен Жайық – қос өзен аралығындағы өңірден мұнай іздеу бағытындағы барлау жұмыстары 1957 жылдан бастау алды. Сол кезде «Бұл жұмыстан нәтиже шыға қоймас» деген сенімсіздіктің де болғаны рас.

МҰНАЙ – ЕЛ ЫРЫСЫ

Алайда 1962 жылы Мартыши кен алаңының «қара алтын» қабаттарына жүргізілген өндірістік сынақ жұмыстары кезінде №1 ұңғымадан мұнай бұрқағы атқылап, тәулігіне 117 текше метр таза мұнай берген. Осылайша, қос өзен аралығындағы өңірдегі экспедиция жұмысы нәтижелі аяқталады. Бұрғылау жұмыстары қызға түсіп, 1963-1967 жылдар аралығында Мартыши кен орнынан мол мұнай қоры анықталып, оның технологиялық құрамдары жасакталады. 1968 жылдың қаңтар айында №№11, 17, 27, 28, 30 ұңғымаларын іске қосу арқылы Мартыши кен орны тұрақты өндірістік пайдалануға берілді. Сол жылдың 16 қаңтарында қазандарға 800 тонна көлемінде алғашқы мұнай жиналып, келесі күні эстакадаға бірінші эшелон құйылды. Сөйтіп бір жылдың ішінде кен алаңынан 1 343 000 тонна мұнай өндіріліп, мемлекетке тапсырылған. Осылайша 1968 жылы қос өзен аралығында экономикалық жаңа сапалы мұнай өнеркәсібі дүниеге келді. 1973 жылы «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру баскармасы құрылды. 2000 жылы ҚР Үкіметінің қаулысымен Мартыши кен алаңына елімізге еңбегі сіңген геолог-мұнайшы Салтанат Балғымбаевтың есімі берілді. Бүгінде қос өзен аралығындағы қазыналы аймақтан алғаш мұнай өндіріліп, елдің игілігіне жаратылып, ырысына айналғанына да 50 жыл толып отыр. Осынау жарты ғасырда мұнда мұнайшылардың бірнеше буыны қалыптасып, талай жасампаз істер тындырылды.

ЖАРТЫ ҒАСЫРЛЫҚ КЕҢІШТЕ – ЖАҢА АСХАНА

ҚР Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің көсібі мерекесіне орай «Ембімұнайгаз» АҚ-ға қарасты «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру баскармасының С.Балғымбаев атындағы кен алаңының 50 жылдық мерейтойы салтанатты түнде аталып өтті. Мерейтой шымылдығы осында жанадан салынған 150 орындық жұмысшылар асханасының пайдалануға берілуіне арналған тұсау кесу рәсімімен ашылды. Айта кету керек, бұған дейін пайдаланылып келген 100 орындық асханада түскі ас кезінде адамдардың кезек күтуіне тура келетін. Міне, бұл проблема шешімін тапты. Мұнайшылар бір мезгілде тамактанатын болды. Салтанатты шара кезінде сөз алған «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» Баскарма төрағасының орынбасары, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Бас директоры Құрманғазы Есказиев Ембі кен алаңдарының әлеуметтік нысандармен толық қамтылып отырғанын баса айтып өтті.



— Бүгінгі таңда «Ембімұнайгаз» АҚ өте көне кен орындарын игеріп жатыр. Соған қарамастан, әлеуметтік жағдайды жақсартып, жұмысшыларға көп көңіл бөледі. Компанияның басты құндылығы — Сіздер, мұнайшылар! Әлеуметтік нысандарды жақсарту жұмыстары жалғасады. Мұнайшылардың кәсіби мерекесі қарсаңында «Қайнармұнайгаз» МГӨБ — ның Кенбай кен алаңында 100 орындық жатақхананың, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-на қарасты Қисымбай кенішінде 50 орындық асхананы іске қостық. Бүгін С.Балғымбаев кен алаңындағы 150 орындық асхана сіздерге есігін айқара ашып отыр. Уақыт бір орында тұрмайды. Болашақта осындай жұмыстарымызды жалғастыра береміз, — деді өз сөзінде Құрманғазы Орынғазыұлы. Қ.Есказиев өзінің құттықтау сөзінде атқарылған жұмыстарға да кенінен тоқталды. Соңғы жылдарда «Жайықмұнайгаз» МГӨБ бойынша 60 шақырымдық өндіріс ішлік жолдың құрылысы аяқталып, іске қосылғанын, сонымен қатар Қаратон құрылымында барлау жұмыстарын бастау жөніндегі жұмыс жоспары қолға алынатынын, бұл орайда ұңғымалардың тереңдігі 6000 метр болатындығын да атап өтті. С.Нұржанов, Досмұхамбетов, Ақтөбе,

Новобогат кеніштерінде ұңғымаларды бұрғылау жұмыстары қолға алынғалы отыр. Бүгінгі таңда «Ембімұнайгаз» АҚ-да 5 мыңнан астам адам еңбек етеді. Биылғы жылы 2 миллион 895 мың тонна өнім игеру жоспарлануда.

МАРАПАТ МЕРЕЙ ӨСІРДІ



ҚОС ӨЗЕН АРАСЫНЫҢ ҚАЗЫНАСЫН ИГЕРГЕН



Мерекелік шара сазды бағдарламамен және еңбек озаттарын марапаттаумен жалғасты. «Қара алтын» өндірісінің өркендеуіне өлшеусіз үлесін қосып, үлгі-өнеге боп жүрген кәсіби мереке иелерінің бір тобына ҚР Энергетика министрлігінің «Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін» медалі табысталды. Сондай-ақ «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры,

жоба жұмысы Провра кен алаңдары тобына тартылды. 2024 жылдың соңына дейін 12 кен алаңы цифрлық өндіріске көшіріледі. Ембі өндірісін өзгерістермен, жаңа технологиялармен үздіксіз қамту ең алдымен ұжымдағы бірліктің, ауызбіршіліктің жемісі деп түсіну керек. Бұл — Ембі мұнайшыларының берекелі

тірліктерінің арқасы деп есептеймін. Сол үшін де сіздерге үлкен алғыс айтамын, — деді құттықтау сөзінде Әнуар Еркінұлы.

Құттықтау легін әрмен қарай Исатай ауданының әкімі Марат Мұрзиев, «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру баскармасының басшысы Мәлік Жүнісов, «Ембімұнайгаз» АҚ Кәсіподақ ұйымының жетекшісі Кенжеғали Шанканов, аталмыш баскарма кәсіподақ комитетінің төрағасы Самат Қабделов жалғастырды. Біз марапатталғандардың бір тобын сөзге тарттық.

Шаймерден Төленгітов, ардагер-мұнайшы: — Отыз жыл еңбек өтілім осы мұнай өнеркәсібі саласында өтті. Қатардағы мұнай өндіру операторынан бастап басқарманың бас инженері, баскарма басшысына дейінгі баспалдақтардан өттім. Әрине, еңбекке араласқан алғашқы кезеңдерде көптеген қиындықтар да кезікті. Қазіргідей жайлы жатақхана, алаңсыз отырып тамактанатын асхана дегенің атымен жоқ. Өндірістік процестерде де кедергілер болып тұратын. Оларды тек бірлесіп қана жеңе білдік. «Күш бірікпесе, алынбайтын қамал жоқ» деген сөз осыдан қалған шығар. Заманның түзеліп, жағдайдың жақсарғаны осы емес пе? Бүгінде Ембі өндірісі жаңа технологиямен жұмыс жасауда. Мұнайшылардың әлеуметтік мәселелері де шешімін тапқан. Осының бір көрінісі — мына асхана. Мұнайшыларға жасалып жатқан әлеуметтік көмектерге бөріміз де дән ризамыз.

Қазира Сүйінғариева, ардагер-мұнайшы: — Мен осы Мартышидан (бүгінде С.Балғымбаев кен алаңы) бастап көптеген кен орындарында еңбек еттім. «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру баскармасының геологиялық қызмет бөлімінің басшылығынан зейнеткерлік демалысына шықтым. Әрине, айтуға жеңіл көрінгенімен, онай болмағаны да шындық. Әсіресе, бұл салада ер-азаматтармен қатар жүріп, солармен бірдей еңбек ету — әйел адамға үлкен сын, салмақ болатын. Соның бәріне де шыдамдылық таныттық. Қиындықты жеңдік, жемісі мен жеңісін бірге көрдік. Міне, бүгінгідей бақытты күнге жеттік. Еңбегіміз бағаланып, марапатты да алдық. Өзіміз күзсі болып отырған мынадай қуанышты сәттеріміз көп болсын. Басшы азаматтар мен ел ағаларына алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

Нұрберген Пазылов, орталық инженерлік технологиялық қызметтің ауысым инженері: — Отыз төрт еңбек өтілімнің алғашқы он жылында мұнай өндіру операторы, одан кейін мұнай өндіру шебері болдым. Соңғы 14 жылдан бері осы жұмысты атқарып келемін. Өзіміз бірінші болмасак та, С.Балғымбаев атындағы кен алаңын алғашқылар қатарында ашқан, соған атсалысқан аға-апараларыммен жұмыстас болып, солардан көп нәрсені үйреніп-білгенімді мақтаншып тұтамын. Мынадай игіліктерге кенелуіміз де еселі еңбегіміздің өтеуі, қайтарымы деп есептеймін. Іс басында жүрген азаматтарға алғыстан басқа айтарым жоқ.

ЖАҢАРҒАН КЕҢСЕ – ЖАЙЛЫ ҚЫЗМЕТ

Салтанатты шара кезінде «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ мен «Ембімұнайгаз» АҚ және аудан басшылары Исатай ауданының орталығы — Ақкыстау селосындағы «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-нің күрделі жөндеуден кейінгі орталық кеңсе ғимаратын аралап көрді. Оның тұсаукесер рәсіміне қатысып, рәміздік лентаны қиды.

Мерекелік шараның бағдарламасында мұнайшылар құрметіне республикалық ақындар айтысы ұйымдастырылып, оған бүгіндері республика жұртшылығына кенінен танылып жүрген ақындар арнайы шақырылды. Мерекелік бағдарлама кешкілік орталық стадиондағы Н.Жантөрин атындағы облыстық филармонияның өнерпаздары мен қазақ эстрада жұлдыздары — өнерлі жұп Қыдырәлі Болманов пен Қаракат Әбілдинаның қатысуымен болған гаала-концертке ұласты. Мерекелік шара оташаумен мәресіне жетті.

Дәулетқали АРУЕВ

Биылғы жылдың басында Ұлттық банк шетел валютасымен ипотекалық несие алғандарға көмек қолын созатынын мәлімдеген еді. Осы орайда 2015 жылдан бері жүзеге асып жатқан ипотеканы қайта қаржыландыру бағдарламасын кеңейту көзделді. Бұл, әрине, бірден тыңдыра салатын шаруа емес. Ұлттық банк құрылыс компаниялары және екінші деңгейлі банктермен келіссөз жүргізіп, 2016 жылдың 1 қаңтарына дейін өтініш жасаған отбасыларға жәрдем жасау мәселесін пысықтады. Сол кездегі мәлімет бойынша, ипотекасын қайта қаржыландыруға 30 мыңға жуық (жалпы сомасы — 220 млрд теңге) өтініш көп түскен.

шешім қабылданды. Проблемалық қарыздардың басым үлесі осы кезеңде берілген қарыздарға тиесілі. Өйткені қаржы дағдарысының салдарынан кіріс көздерін жоғалтуына және шарт талаптары бойынша сыйақы мен өсімпұл сомасын еңсере алмауына байланысты несиеcін уақытында төлей алмағандар көп. Кепілге қойған жалғыз баспанасынан айырылу қаупі туындалы. Сондықтан 2015 жылғы сәуірде Ұлттық банк басқармасы қайта қаржыландыру бағдарламасын бекітті», — деді ол. Шетел валютасымен ипотекалық несие алған адам 2018 жылдың 15 желтоқсанына дейін өзі қарыз алған банкке барып, қайта қаржыландыру жөніндегі өтінішін өткізіп үлгеруі тиіс. Сондай-ақ алған қарызының Бағдарлама шартына сәйкес екендігін несиелендірген банктен біле алады. Осы ипотекалық несиелерді қайта қаржыландыруға Ұлттық банк

НЕСИЕ АЛҒАНДАРҒА КӨМЕК

2016 жылы 1 қаңтардағы «Банктер және банк қызметі туралы» Занның 3-1 тармағының 34-бабына сәйкес, жарты жыл ішінде шетел валютасымен табыс таппаған азаматтарға шетел валютасымен несие берілмейтіні айтылған. Әйтсе де, оған дейін ипотекаға доллармен пәтер алғандар бар емес пе? Олар әлі күнге дейін қарыз қамытын сүйретіп келе жатыр. Ұлттық банктің

қаржысы есебінен 150 млрд теңге бөлінді. Өз кезегінде, несиеңі қайта қаржыландырған кезде банктер қарыз иесінің сыйақы, қосалқы ақы (пеня), комиссиясын кешіреді. Бұл — 136 млрд теңгеден асатын сома. Бүгінгі күні ипотекалық заемдерді қайта қаржыландыруға «Қазақстан халық банкі» АҚ, Forte Bank, «ЦентрКредит банкі», «АТФ банк», «Цеснабанк», Kaspi Bank, Kassa Nova банкі, «Еуразия банкі»,



жоғарыда айтылған қадамы солардың проблемасын шешуге арналған. Сөйтіп үстіміздегі жылдың 27 наурызында Ұлттық банк басқармасы 2015 жылы қабылданған Ипотекалық несиені қайта қаржыландыру бағдарламасына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды бекітті.

Бағдарлама 2016 жылдың 1 қаңтарына дейін шетел валютасымен ипотекалық несие алған жеке тұлғалардың қарызын қайта қаржыландыруды көздейді. Бұл орайда Ұлттық банктің 2015 жылғы 18 тамыздағы теңге бағамы есепке алынады.

Күні кеше Қайта қаржыландыру бағдарламасын жүзеге асыру бағдарламасына енгізілген өзгерістер мен шетел валютасымен алған ипотекалық қарызы теңгеге ауыстырылатыны жария етілді.

Ұлттық банктің қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқығын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасының басшысы Александр Терентьевтің айтуынша, банктердің валюта заемдерін қайта қаржыландыру мерзімі 2018 жылдың 30 желтоқсанында аяқталады. «2015 жылы ипотекалық несие нарығында қалыптасқан ахуалға жасалған талдау нәтижелері бойынша, Ұлттық банк 2004-2009 жылдары ипотекалық қарыз алғандарға мемлекеттік қолдау көрсету туралы

Altyn Bank, «Сбербанк», RBK банкі, KZI Bank, AsiaCredit Bank, «ВТБ Қазақстан» банкі, «Альфа банк», Capital Bank Kazakhstan және «Қазақстан ипотекалық компаниясы» кірісті.

Сондай-ақ Ұлттық банк қаржысы есебінен тұрмысы төмен тұрғындар қатарына жатқызылатын қарыз иелерінің несиесі, сотқа талап түсірген банктердің төлеген 300 млн теңгеден асатын мемлекеттік баж, сондай-ақ 8 млрд теңгеден астам проблемалық валюта заемдері бойынша бағам айырмасы жабылды.

Сөйтіп осы жылғы 1 қыркүйектегі мәлімет бойынша, Бағдарлама шеңберінде банктер тарапынан 154,3 млрд теңгені құрайтын 24 853 заем мақұлданды. 22 665 заем қайта қаржыландырылды. Оған 131,5 млрд теңге жұмсалды.

Ескертетін бір жәйт, Бағдарламамен белгіленген қайта қаржыландыру мерзімі аяқталғаннан кейін банктер қолданыстағы заң бойынша қарызын өндіріп алуға құқылы. Бұл орайда Ұлттық банк қамқорлықпен өз қарызын өндіріп алуға бағытталған іс-әрекетіне ықпал ете алмайды. Сондықтан өтініш қабылдау мерзімі аяқталмай тұрғанда тезірек қамданған дұрыс.

Гүлнар АХМЕТОВА

ЖАҢА ТӨЛЕМ ЖҮЙЕСІ

Жуырда Ұлттық банк бұрын-соңды болмаған жаңа жүйенің, яғни Лездік төлем жүйесінің іске қосылатыны туралы хабарлады. Бұл қызмет түрлі банк клиенттері арасында ұлттық валютаны 24/7 режимінде, көз келген уақытта ұялы телефон арқылы аударуға мүмкіндік береді.

жүйедегі транзакция ақысы бір реттік аударымға — 1 теңге. Тәжірибе шеңберінде Жүйеге ең бірінші болып «ЦентрКредит банк» пен Altyn Bank тіркелді. Өзге банктер де қосылуға дайын. Жүйеде қызмет көрсетуді бірте-бірте дамыту жоспарланды. Бірінші кезеңде ақша аударымы жеке тұлғаларға қолжетімді. Одан кейінгі кезеңдерде заңды тұлғаларға да жол ашылады.



Осылайша Лездік төлем жүйесі тұрғындар мен бизнеспен айналысатындарды қолайлы, жылдам, сенімді әрі арзан аударым қызметімен қамтамасыз етуді көздейді.

Әйгерім ТЕМІРҒАЛИЕВА

Даламыздағы күмбөзін күн шалған ғажайып ғимараттар, сән-салтанатқа бөленген сырлы сарайлар, биік тұғырларда орнатылған алып ескерткіштер, таңғажайып жазбалар, сырлы суреттер – ата-бабалар парасатының жарқын үлгісі. Бұл үрдіс бүгінде өз маңызын жоғалтпай, жалғасын табуда. Көркем табиғатпен тыныстап өскен өлкеміз тарихи мұралардан да кенде емес. Басқасын айтпағанның өзінде, бір ғана «Алтын-Емел» ұлттық-табиғат паркінің аумағы тұнып тұрған тарихи байлық. Зерттеушілер оны «ашық аспан астындағы мұражай» деп те атайды. Сондай-ақ өңіріміздің әжелгі ескі дәуірінен сыр шертетін Қойлық, Талхиз, Қоракөмер қалашықтары, «Таңбалы тас», «Бесшатыр» қорғандары, Айғай құм мен Әулие ағаш, Тамшыбұлақ пен Шарын шатқалы, әлемде теңдесі жоқ Ерөн тоғайы кімді болса да қызықтырмай қоймайды.

Өткен жылдан бері Елбасының «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бағдарламалық мақаласын жүзеге асыру аясында бірқатар жұмыстар атқарылды. Соның ішінде Жетісудың киелі жерлерін анықтауда тың табыстарға жеттік. Осы күнге дейін көпшілік біле бермейтін қасиетті нысандар анықталып, жұртқа жетті. Қасиетті де киелі мекендер ұрпақ жадында қайта жаңғырып, өз көреметімен өлке мәдениетіне үлес сіңіргені анық. Біз де өз көзегімізде айналаны шолып, киелі жерлердің жұрт білетін және біле бермейтін қасиеттілігін қалам қуатымен зерделеп, тексеріп, тектеп шықсақ деген ойға бекіндік.

ЕШКІӨЛМЕС ПЕТРОГЛИФТЕРІ



Бұғы мен арқар бейнелері. Ешкіөлмес жотасы

Ескелді ауданының Ешкіөлмес тау жотасындағы жартас беттері, шын басы мен шатқалдардағы тас бетіндегі бейнелер қола дәуірі мен орта ғасырдағы осы өңірді мекендеген тайпалар өмірінен сыр беріп тұр. Көне суреттер 24 шатқалдан табылып, олардың саны 10 мыңның үстінде екендігі анықталды. Нақтылап айтсақ, 1886 жылы маусымда Көксу стансасы мен Жалғызғаш ауылының Д.Кашкаров және М.Хмылев есімді казактары Жетісу әскери губернаторына: «Жалғызғаш ауылы маңындағы Теректі сайынан өтіп келе жатып, біз жазуы бар алпысқа жуық тас көрдік», — деп хабарлайды. Содан бастап-ақ, патша өкіметі Көксу өзені тілгілеген аңғарды зерттеуді бастап кетеді. Қазіргі

Көксу ауданының Теректі ауылының шығыс жағындағы биік беткейдегі петроглифтер сол кезден-ақ археолог ғалымдардың назарына ілігеді. Алайда түрлі себеппен әлемдік мәдени мұра қорына кіргізілмей қала береді.

1998 жылы 28 қыркүйекте Әлкей Марғұлан атындағы Археология институтының ұсынысымен «аралас санатқа» жатқызылған петроглифтер әлемдік ғалымдарды ерекшелігімен тамсандырды. Осыдан кейін оны көруге әлемнің төрт бұрышынан археолог ғалымдар ағылады. Жетісудың арынды суы Көксу өзенінің сол жағалауын бойлай жатқан Ешкіөлмес тауындағы танбалардың басым бөлігін арқар, таутеке, бұғы секілді жануарлар құрайды. Арасында адам сұлбасы, діни рәсім өткізгендер, садақ атқан, шокпар көтеріп, ту ұстағандар кездеседі. Одан бөлек, нұр бейнелі беймәлім жаратылыстар да бар. Қасқыр, ит, түлкі секілді жыртқыштар да табылады.

Көксу аңғарының көне дәуірін ашу мен зерттеу XIX ғасырдың екінші жартысында-ақ басталған. Мұнда Ешкіөлмес пен Шыбынды тауының шығыс жағын бойлай Жалғызғаш ауылы мен Көксу стансасы арқылы Іле өлкесін Семей өңірімен жалғастыратын бас пошта күрежолы өткен. Мұнда Қапал және

Тасқа қашалған суреттердің көптігі соншалық, бірінен соң біріне қызығып кете бересін. Алдындағы жақпар тастың күнгей бетін айналсаң, міндетті түрде бір кескін шыға келеді. Кола мен темірді қорытып, қажетті құрал-жабдық жасаған адамдардың іс-әрекеті бүтін бір дәуірдің атауына айналды.



Найзатапқан арасаны

Фотом: filus.google.com

НАЙЗА ТАПҚАН КИЕЛІ ОРЫН

Панфилов ауданының Қоңырөлең ауылына қарасты жоңғар Алатауының бөктеріне орналасқан киелі бұлақты бұған дейін көп жұрт біле бермейтін. Бұлақтың суы шипалы, қасиеті әр алуан. Найзатапқан сулары талай жанды кеселінен арылтып, бойларына шипа беріп, көсегесін көгерткен. Найзатапқан арасанын ежелден-ақ жергілікті халық қызыр түнеп, құт қонған жер деп атайды.

Ынталы ауылының тау бөктеріндегі арасанын бірнеше бастауының суы көптеген ауруға ем. Бір қызығы, бастаулар бір-бірінен



Найзатапқан

Фотом: anaily.kazakhstan.kz

✓ **«Жергілікті нысандар мен елді мекендерге бағытталған «Туған жер» бағдарламасынан бөлек, біз халықтың санасына одан да маңыздырақ – жалпыхалықтық қасиетті орындар ұғымын сіңіруіміз керек. Ол үшін «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы керек. Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі. Біз – ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз»**

(Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласынан)



Ешкіөлмес тауы мен Көксу өзені

Фотом: almatyregion.kam.kz

(Басы 1-бетте)

Қазаки дыбысталуға тән әріптерді латыншаға қалай аударамыз деп киналудың қажеті жоқ. Оған да біздің дайындап қойған нұсқаларымыз бар. Жазу дегеніміздің өзі — халықтардың басын ұйыстырудың үлкен амалы. Әзірбайжан мемлекеті сонау 1991 жылы-ақ латын әліпбиіне көшіп кетті. Өзбекстан 1994 жылдың 16 маусымында әліпби ауыстыру туралы шешім қабылдады. Көршілес Қырғыз елі де латын әліпбиіне көшуді жоспарлап отыр. Біз, тіл мамандары, сәті келіп тұрған кезде ұлттық әліпбиімізді жасап қалайық деп отырмыз. Сонда ғана ертенгі күні біздің сөздеріміздің айтылымы бұзылмайды. Қалай айтылады, солай жазылып отырады. Емле ережесі қарапайым күйге түседі де, бұл балалар, жастар үшін де өте ынғайлы нәрсеге айналады. Ұлттық әліпби қабылданған жағдайда сөздің буын, морфем тұрқы бұзылмай, сөздерді тасымалдау оңай болады. Қазіргі кирилл әрпін қолданып жатқан кездегі сөздерді тасымалдау ережеге сай емес деуге болады. Сөздің айтылымына тура келмейді. Қазіргі таңда ұлттық әліпби үлгісі дайындалды, мәтіндерінің де қалай болатыны көрсетіліп жатыр. Әйтеуір, әрекетсіз емеспіз. Әрине, тіл мамандарының ішінде де өзара талас-тартыс, талқылау болып тұрады. Бірақ ол да керек нәрсе. Өйткені дәйекті пікірлер айтылса, ортақ мәмілеге келеміз. Елбасымыз айтқандай, егер әліпбилің бір нұсқасын нақтылап алсақ, алдағы уақытта оны үйретудің әдістемелерін қолға алуды бастауға болады. Латын әліпбиін үйрену, меңгеру қиын деген де

бекер әңгіме. Балалар үшін де қиын емес. Латын дегеніңіз — күнделікті оқып жүрген ағылшын әліпбиімен танбалау жағынан бірдей. Арғы жағында, әрине, түсіндіретін бірлі-жарым танбалар бар. Сондықтан балаларға қиын болады, ересектер үшін қиынға соғалы деген әңгіме қисынсыз. Тек тәуекел деп, іске кірісіп кету керек. Қазіргі әліпбиіміз қазақ емес, орыс-қазақ әліпбиі болып кеткен. Жазуымызда

жатыр. Әдістемелік тұрғыдан да бірқатар қиыншылықтар бар. Елбасымыз айтқандай, қазақ ұлттық қолында рөл ойнайтын ең басты дүние — жазу. Жазудың ішінде — әліпби. Жазу да егемендіктің бір белгісі. Ол ұлттық болу үшін, оның әліпбиі ұлттық болу керек. Ұлттық әліпби өзіміздің төл дыбыстарымызға, заңды тілімізге икемделген, соның көрнекі көрінісі болу керек. Латынға көшу деген — қазіргі

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ



да қайшылықтар көп. Кирилл әліппесі арқылы біздің сөздің үндесімі, морфем құрамы, буын құрамы бұзылып

өте күрделі мәселе. Сондықтан бұған үлкен дайындықпен келген абзал.

Заман тәжірибесі әлемі ақпарат кеңістігіне өтудің төте жолы ретінде латын жазуын көрсетіп отыр. Мұны бұрын аңғарғандар — біздің информатика мамандары. Енді, міне, өзге мамандар да оларды құлтай бастады. Әліпби ауыстыруды былай қойғанда, қазақ жазуын бір саралап, пысықтап алатын мезгіл жеткендігін көпшілік, оның ішінде тіл мамандары, біліп те, түсініп те отыр.

Ендеше бұл бағыттағы шараны тек әліпби ауыстыру деп қарамай, кең қамтып, жазу реформасына айналдыру қажет. Сондықтан әңгімені тек әліпби ауыстыру тәңірегінде ғана қалдырмай немесе бір танбаны екінші танбаға қалай ауыстырамыз дегенге ғана саймай, жазу төңірегіндегі өзге де мәселелерді қамтып отыру керек болады. Әліпби ауыстырудың үш деңгейі бар: бірінші — әліпби деңгейі, екінші — танба деңгейі, үшінші — емле-ерезе деңгейі. Егер біз әліпби құрамын өзгертетін болсақ, онда оның ар жағындағы танба және емле-ережелеріне де өзгеріс ендіруіміз керек. Танбаға өзгеріс ендіретін болсақ, онда оның емле-ережеге әсері қандай болмақ, алдымен соны ойлап алуымыз керек. Жоғарыдағы айтылғандарға қосарым, бұл таныстырылған нұсқа жөнінде сан алуан пікірді теледидардан, интернет ресурстардан көріп, оқып жатырмыз. Бұл жақсы ой. Халықтың мәдениетіміздің алтын арқауы — әліпбиімізге бейжай қарамайтынын байқадық. Бұл — еркіндіктің, Тәуелсіздігіміз сыйлаған азаттықтың арқасы. Мамандар халықтың пікірін біліп, оларды жинастырып, сараптап, жүйелеп отыр. Ғылыми негізі бар пікірлер міндетті түрде ескеріледі. Бастысы — жаңа әліпби қабылдауға бетбұрысты батыл, шешімді қадам жасалғаны.

Әлімхан ЖҮНІСБЕК,
А. Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының
бас ғылыми қызметкері, филология
ғылымдарының докторы, профессор





Жетісуда ауыл шаруашылығындағы басым дақылдардың бірі, «дала аруы» атанған жүгері алқабы 79 мың гектарға жеткізілді. Жаркент крахмал-сірне зауытында индустрияландыру картасы шеңберінде жүргізілген жаңғырту жұмыстарынан кейін қалдықсыз өңдеу циклі құрылған. Соның нәтижесінде өңдеу қуаттылығы 20 мыңнан 90 мың тоннаға дейін ұлғайыпты. Қазір өңірде жүгерінің 27 түрі шығарылады. Биыл жүгері алқабы 2,5 мың гектарға артты. 79 954 мың гектарға тұқым себіліп, одан 441,3 мың тонна өнім жиналды. Бұл іске 3900 шаруашылық тартылып, онда он бір мыңнан астам ауыл тұрғыны еңбек етті. Сонымен қатар Жаркент крахмал-сірне зауытын жаңғырту дөңдік жүгері өңдеу қуаттылығын жылына 10 мыңнан 54 мың гектарға дейін арттыруға мүмкіндік берді. 400 шаруашылыққа арналған 8,3 га алаңға қосымша екі қырман салынды. Осылайша облыстағы аграрлық секторда жүгері шаруашылығын дамыту туралы тапсырма орындалды.

Жарты ғасырдан астам уақыттан бері негізінен жүгері өсіруге бейімделген Жаркент жұрты облыста өндірілетін «дала аруының» 33 пайызын еншілейді. Өткен жылы жазиралы Жаркент өңірінің дикандары 25 785 гектар жерге жүгерінің әртүрлі сұрпын өсіріп, одан жалпы 160 мың тонна өнім жинапты. Жиналған жүгерінің 92 мың тоннасы жергілікті крахмал-сірне зауытында өңделген. Саудада сұранысы жоғары дақыл өнімінің қалғаны да жоғары бағамен тұтынушысын тапты. Атап айтар болсақ, 24 мың тонна жүгері дәнін Шамалған сірне зауыты сатып алса, 7,5 мың тонна өнім базарларда сатылып, 32,5 мың тоннасы мал азығына сакталған.

Еңбекшіқазақ ауданының Жанашар ауылдық округіне қарасты Космос елді мекеніндегі Мәдениет үйінде өткен облыстық семинар-кеңесте жүгері өсіру тақырыбы жан-жақты қозғалды.

Семинар-кеңесте облыс әкімінің орынбасары Серікжан Бескемпіров еліміздің аграрлық саласы бәсекеге қабылетті өнім шығара алатын дәрежеге көтерілу керектігін айтты. Ол «Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «ауыл шаруашылығы саласы ел экономикасының драйверіне айналу керек» деп атап көрсетті. Осы бағыттағы мемлекеттік бағдарламалар жүйелі жұмыс істеуде. Елімізде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, отандық өнімдерді экспортқа шығару кезек күттірмейтін іс. Сондықтан жаңа технологияларға негізделген инновациялық жүйелерді ауыл шаруашылығына көптеп енгізуіміз қажет. Осындай семинар-кеңестердің жиі өтіп тұруы, сөз жоқ, алға қарай қадам басуға өз септігін тигізеді», — деді.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Сексембай Бекішов Жетісу өңірінде жүгері дақпылын өсірудің бүгінгі жағдайы мен алдағы жоспары туралы баяндады. С.Бекішов «Қазіргі таңда өңірде дәндік жүгері дақпылын өсіруге ерекше көңіл бөлініп келеді. Биыл дәндік жүгері дақылдары 80,0 мың гектар алқапқа егілді. Өткен жылғы өнімділік көрсеткіші 512 мың тоннаға жетті. Облыста жоғары репродуктивті тұқым өндірумен 12 шаруашылық жұмыс істейді. Оның екеуі майлы дақылдарға арналған болса, қалған он шаруашылық жүгері тұқымдарын өсірумен айналысады. Осы салаға жауапты мамандар тұқым шаруашылығын қатан бақылауда ұстағаны жөн. Шаруа қожалықтарының тапсырысы бойынша шетелдік тұқымдарды жеткізумен TUKUM KZ, TUKUM PRO KZ жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер айналысады. Әрине, біз ойлағыдай көрсеткіштерге қол жеткізу үшін осы саладағы шетелдік мамандардың тәжірибесіне сүйенуіміз керек», — деді.

Аталған семинар-кеңестің өтуіне «Адал» агроөнеркәсіп кешені мұрындық болды. Сүт өнімдерін өндірумен айналысатын компания 1999 жылдан бері отандық нарықта көш бастап келеді. Сапалы әрі экологиялық таза өнімдері сұранысқа



ие. Компанияның жылдық табысы 8 миллиард теңгені құрап отыр.

Агроөнеркәсіп кешенінің бас директоры Серік Смайылов жүгері өсіруде қол жеткізген табыстары туралы баяндап берді: «Адал» агроөнеркәсіп кешенінде ауыл шаруашылық департаменті жұмыс істейді. Бұл бөлім мал өсіру және мал азығын



дайындаумен айналысады. Компанияның жер көлемі 5190 гектарды құрайды. Оның ішінде 3000 гектары суармалы егістік жерлер, ал 924 гектары жайылымға арналған. Биыл 10 000 тонна дәнді дақылдар аламыз деп жоспарлап отырмыз. Оның 9000 тоннасы — жүгері. Жүгері дақпылын алыс-жақын шетелдерге экспортқа шығарып жатқан жайымыз бар. Компания негізінен «Пионер» және «Будан» компанияларының жүгері будандарын пайдалануда. Қазір біз ылғалдылығы төмен өнім беретін будандарды іздеу үстіндеміз. Өткен жылы Ресейдің Краснодар аймағына арнайы барып, ондағы «Кубань» фирмасы мен қытай бұршақ тұқымдарын өндіретін «СОКО» компаниясының өнімдерімен таныстық. Қазіргі таңда өзіміздің

Жетісу жерінде 950 мың гектар жерге егін егілсе, оның 80 мың гектары — жүгері алқабы. Сонымен қатар, тамшылатып суару және ылғал сақтау технологиясы да дами түсті. Агроөнеркәсіп кешенінде трансұлттық компаниялардың қатысуымен жергілікті шикізаттан тамақ өнімдерін шығаратын «Маревен Фуд Тянь-Шань»

зауыты іске қосылады. Олар өнімін «Қазақстанда жасалған» брендімен экспортқа шығармақ. Өңдеу өнеркәсібі де өркендеп келеді. Жалпы өңдеу кәсіпорындарын орналастыру картасы шеңберінде 2021 жылға дейін 39 кәсіпорынды ашу және жаңғырту, ет пен сүт өнімдерін, консервіленген көкөніс пен жеміс, крахмал өнімдерін ұлғайту есебінен экспорт көлемін 90 млн АҚШ долларына дейін жеткізу көзделуде. Бұл бағытта заманауи электронды жүйеге негізделген «Байсерке-Агро» ЖШС-нің сүт-тауарлы фермасы, «Каримов» ЖК, «Адал» АҚ, «Амиран» ЖШС, «Табыс» ШҚ, Жаркент крахмал-сірне зауыты көш бастап тұр.

Талғар ауданы Арқабай ауылындағы «Байсерке-Агро» агрокешенінде өткен «Егінжай

ЖҮГЕРІГЕ СҰРАНЫС МОЛ



тәжірибелік аланымызға ресейліктердің жүгері будандарын өсірілді. Егер олардың ылғалдылығы 15 пайыздан аспаса және өнімділігі жоғары болса, біз осы тұқымдарды жаппай өсіруді қолға аламыз», — деді.

Облыс орталығының іргесінде жатқан Қаратал ауданында жүгері өсіру ісі өркендеп келеді. Жолбарыс батыр ауылдық округіне қарасты «Гладус-Қаратал» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі көбіне жүгері мал азығы ретінде, сүрлем жасауға өсіреді. Аталмыш шаруашылықта 304 гектар жер бар, соның 150 гектарына жүгері егіледі. Биылғы жылы шаруашылық егістігіне украиндық «Пионер» сұрыпты жүгері тұқымы егіліп, үш рет суғарды. Қазіргі таңда ресейлік «Дон-600» комбайны, 4 «КамАЗ» жүк көлігі, 2 трактор алтын астық тасып жүр. Шаруашылықта 15 адам науқанға білек сыбана кіріскен. Гектар берекелігі 70-80 центнерді құрап отыр.

«Гладиус-Қаратал» ЖШС-нің егістік алқабының жетекшісі, агроном Байбазар Қанабатыров «Бұл орылып жатқан жүгеріден мал азығы, сүрлем дайындалады. Шаруашылықта 1500 бас ірі қара малы бар. Тауарлы-сүт фермасы үшін Германиядан әкелінген сүтті сиырларға азық ретінде дайындаймыз. Қысқы мал азығына 7-8 тонна сүрлем, 11-12 тонна жонышқа, сонымен бірге арпа, жем-шөп әзірленеді», — деп отыр. Шаруашылық жүгері өсіруде алдыңғы қатарлы технологияларды кенінен пайдаланады. Алтын шашақты алқаптардағы жайқалып өскен дән собығымен қоса орылып, жүк көліктеріне тиеліп, қамбаға жөнелтілуде.

«Ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңы соңғы 5 жылда 21 млн. гектарды құрады және болмашы ғана өзгерді. Негізі өзгерістер оның құрылымынан алынып тасталды. Егістіктердің айтарлықтай үлесі бидайға берілген. Бірақ монодақылдылықтан бас тартуға және басқа дақылдардың алаңын кеңейтуге бағытталған өсімдік шаруашылығын ертартапандыру саясатының арқасында 2011 жылдан бастап бидай егістіктері артуда»

(Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешені дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы)

тиімді. Неге десеніз, оның бағасы түседі және тиімділігі артады. Бүгінгі семинарда көптеген әріптестеріміз өзіне қажетті мағлұматтар алуға. Өнім өндірудің пайдалы тұстарын зерделеуде. 10 мың тоннадан бастаған зауыт қазіргі таңда 120 мың тонна жүгеріні қайта өңдеп, одан 24 түрлі өнім шығаруда. Алдағы жылдары бұл көрсеткішті 300 мың тоннаға ұлғайтуды көздеп отырмыз», — дейді.

Жалпы облыста жүгері өсірудің тамаша жолы қалыптасқан. Жеткен жетістігі де аз емес. Ендігі мақсат — сол жетістікті еселей түсу.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Бүгінде өзінің нәтижелілігін дәлелдеген «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Жаңа онжылдық – Жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын және Қазақстанның 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарын іске асыру мақсатында әзірленген болатын.

МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТҚА – 29 МИЛЛИОН ТЕҢГЕ!

Экономиканың шикізаттық емес секторларындағы өңірлік кәсіпкерліктің тұрақты және теңгерімді өсуін қамтамасыз ету, сонымен қатар бар жұмыс орындарын сақтау және тұрақты жаңа жұмыс орындарын құруды көздейтін бағдарламаның бірінші кезеңі 2010-2014 жылдарды қамтыды. Бұл кезеңде жаңа бизнес-бастамаларды қолдау, кәсіпкерлік секторды сауықтыру, шетелге тауар шығарушыларды қолдау сынды бағытта жұмыстар жүргізілді. Екінші кезең — 2015-2020 жылдар аралығына шақталған.

Аталмыш бағдарламаның игілігін көріп отырған қарапайым халық екендігі көңілге үлкен медеу. Мәселен, Атырау облысында «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында өткен жылы 29 млн теңге мемлекеттік грантқа бөлінді. Қаражат екі транш бойынша екі айдың ішінде игерілді.

Атырау облысы өңірлік коммуникациялар қызметінің мәліметінше, Атырау облысы кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасы бизнесін дамыту үшін мемлекеттік грант алуға ниетті 59 кәсіпкердің өтінішін қабылдады. Мамыр айында бірінші транш бойынша 15,7 млн теңге игерілді. Конкурса қатысқан 45 кәсіпкердің арасынан конкурс комиссиясы мен Аймақтық үйлестіру кеңесі 8 жеңімпазды іріктелді. Мемлекеттік грант арқылы облыс аудандарынан 7 кәсіпкер, Атырау қаласынан бір кәсіпкер бизнестерін дамытуға қолдауға ие болды. Маусым айында екінші транш бойынша 14 кәсіпкер мемлекеттік грант алуға

«Бағдарлама шеңберінде "Жаңа бизнес бастамаларды қолдау" бағыты бойынша қаржыландырылуға қолжетімділікті арттыру, жобалардың өндірістік қуатын арттыру, ауылдық елді мекендерде, шағын және моноқалаларда, кәсіпкерлердің бизнес бастамалары мен олардың жобаларын кеңейту сияқты проблемалық мәселелер шешілетін болады»
(«Бизнес жол картасы – 2020» бағдарламасынан)

конкурса түсті, нәтижесінде 7 жоба мақұлданып, 13,3 млн теңге игерілді. Қолдау тапқан бизнес жобалардың үшеуі аудан кәсіпкерлері, төртеуі Атырау қаласынан. Осылайша, «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасын табысты жүзеге асыру нәтижесінде Атырау облысында мүмкіндігі шектеулі балаларды дамыту орталығы, аяқ киім цехы, жартылай фабрикалар шығару, қалдықтарды өңдеу цехы секілді аймаққа қажет басқа да маңызды жобалар іске қосылды.



Олардың қатарында Қызылқоға ауданы Миялы ауылындағы үн өндірісі орны мен ұлттық колерен бұйымдарын жасауды үйрету орталығы, Исатай ауданының Акқыстау ауылындағы жиһаз өндіру және жаңғыртып, қалпына келтіру, Жылыой ауданы Құлсары қаласына гидро және жылу окшаулауға арналған құрылғыны (*теплоизоляция*) сатып алу, Жылыой ауданы Құлсары қаласында гинекологиялық кабинет ашу және ашытылған квас өндіру, Мақат ауданы Доссор ауылында кілем тазалау цехын ұйымдастыру, мүгедектерге арналған «Сенім» спорттық-сауықтыру орталығы, инновациялық қасапхана және Атырауда жұмыс істейтін жартылай ет фабрикасы өндірісі бар.

Бүгінгі таңда мұнайлы өңірде шағын және орта бизнес көрсеткіші өсуінің он динамикасы байқалып отыр. Қазіргі уақытта 56 786 шағын және орта бизнес кәсіпорындары

тіркелді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 3,9% артық. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 45 283 бірлікті құрады, бұл 2017 жылға қарағанда 6,8% артық.

ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІК – ЖАҢА ТРЕНД

Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған «Жарқыра» жобасын «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасының негізгі бір бөлігі десек те болады. Себебі, бағдарламаның ең негізгі мақсаты – жұмыспен қамту. Аталмыш жоба аясында Атырау жерінде әлеуметтік, экономикалық және экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған жобалар, тың инновациялық бастамалар жүзеге асып жатыр.

Нұрлан Шеріпов — әлеуметтік бизнеске ден қойған жастардың бірі.



Қазір ол Атырау облысындағы өндірісті аймақ Құлсары қаласында жылқымен қыдырту және сауықтыру орталығын ашып, кәсібін дөңгелентіп отырған бизнесмен. Балалар мен ересектерге арналған оңалту орталығының иесі бұған дейін Жылыой ауданындағы Тұрғызба ауылында көп жыл мал шаруашылығымен айналысып келген еді. Бірақ өміріне өзгеріс енгізуді шешкен жігіт Ресей астанасы Мәскеуге жол жүріп, «иппотерапия» әдісімен, яғни наукасты жылқының көмегімен емдеудің қыр-сырын менгерді. Мемлекеттік бағдарлама көмегімен қажетті құрал-жабдықтарды сатып

алды. Невропатолог дәрігермен және «Жүрек жылуы» қоғамдық бірлестігімен келісімшартқа отырды. Қазір көптеген елдерде мойындалған, физиологиялық және психологиялық ауруларды емдеуде үлкен маңызға ие «иппотерапия» орталығы сұранысқа ие болып отыр.

Келесі кейіпкеріміз — **Сәлима Сарбалина**. Бизнеске келгенге дейін ол Жылыой аудандық емханасында



дәрігер-кардиолог болып еңбек еткен. «Құлсары қаласына кардиологиялық кабинеттің қажеттілігін бұрыннан да сезініп жүрген едім. Бірақ, идеяны жүзеге асыруға қаражат болмады. Ал, мемлекеттен несие немесе субсидия алуға дауаламай жүрдім. Кейін мемлекеттік бағдарламаға жүгініп, бизнес-жоспар дайындадым. Бизнес потенциалды күшейтуге бағытталған тренингтерге қатыстым», — дейді Сәлима. Қазір оның «Мейірім» жүрек-қан тамырлары жүйесінің медициналық диагностикалық кабинеті Жылыой ауданында жұмыс істеп тұр.

Жаңа іске келуіне орай, кейіпкеріміз Астана медициналық университетінің «Функционалды диагностика» мамандығы бойынша үш ай біліктілігін арттырды.

Баян ЖАНҰЗАҚОВА,
Атырау облысы

Алматының спорттық қала өкені даусыз. Жыл басынан бері 250 мың адам қатысқан 2500-ден астам спорттық-бұқаралық сипаттағы шара өтті. Мұндай үлкен додаалардың әлі бірнешеуі жоспарланған. Енді соларға көңірек тоқтала кетейік.

Оңтүстік астананың Дене шынықтыру және спорт басқармасының жыл басталғаннан бері біраз игі істерге мұрындық болғаны жасырын емес. «Алматы қаласын 2020 жылға дейін дамыту бағдарламасына» сәйкес, спорт саласындағы қойылған мақсаттарға жету мақсатында көптеген тапсырмалар берілді. Дене шынықтырумен тұрақты түрде айналысатын қала тұрғындарының 28,5 пайызын немесе 500 мың адамды, 7 жасстан 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерді тарту 2017 жылы



БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ – БАСТЫ НАЗАРДА



орындалды. Сондықтан Елбасының бұқаралық спортты дамыту бағдарламасы өткен жылы орындалды деуге толық негіз бар.

Жоғарыда айтқанымыздай, қалада 2500-ден астам спорт шарасы өтті. Соның ішінде ең ірілеріне тоқтасақ, биыл футболдан Ресейде өткен әлем чемпионаты кубогының әлемдік турнирі, «Алматы марафонына» қысқы және көктемгі дайындық, бильярд спортынан әлем чемпионаты, дзюдодан Азия кубогы, «Алматы Барысы» турнирі, «Ұлы дала ойындары», «Халық» барысы» сынды ұлттық спорт фестивалдері қала тұрғындары мен қонақтарының үлкен қызығушылығын тудырды. Нағыз бұқаралық сипатқа ие болған «Алматы марафоны» туралы сөз бөлек. Аталмыш шара әлемдегі қайырымдылық марафондарының үздік «бестігіне» кіреді. Сондай-ақ дәстүрлі «Алматы марафонына» биыл 38 елден 30 мың адам қатысты. Бұл, әрине, үлкен жетістік екені даусыз. Футзалдан студенттер арасындағы әлем чемпионаты ерекше қарқынмен өтті.


Қалада мүмкіндігі шектеулі жандардың спортпен айналысуына жағдай жасалған. Деректерге сүйенсек, 2500 адам алаңсыз спортпен шұғылданады. Өткен жылмен салыстырсақ, осы бағытқа қойылған қаржы 18 пайызға артқан. 2016 жылдан бері бұқаралық спортты дамытуда аса маңызды рөл атқарып келген «Спорттық Алматы» бағдарламасы да айтуға тұрарлық. Жыл басынан бері 90 мың адам атсалысқан 750 іс-шараны өткізуге мұрындық болған жоба халықтың дене шынықтырумен айналысуына жағдай жасап берді. Соның ішінде коньки, тау шаңғысы мен суға жүзуге үйрету арқылы халықтың денсаулығын арттыруға септігін тигізері сөзсіз.



Мадияр ҚАЗЫБЕК

Бір жетіге созылған III Дүниежүзілік Көшпенділер ойыны да өз мәресіне жетті. Қазақстан спортшылары қырғыз жерінде ойдағыдай өнер көрсетті. Дүбірлі доданың жабылу салтанаты Шоппан Ата қаласында өтті. Қырғызстанның премьер-министрі Мұхаммедқали Аблғазиев ойынның символикалық эстафетасы – мұзды суға толы сауыты Түркияға табыстады. Енді көшпенділер рухын асқақатқан халықаралық сайыс Анадолыда өтеді.

ҚОРЖЫНДА – 76 МЕДАЛЬ



2014 жылы тұңғыш рет өткен Көшпенділер ойынына 19 мемлекеттен 583 спортшы қатысқан

еді. Биыл Дүниежүзілік көшпенділер ойынына әлемнің 77 елінен үш мыңнан астам спортшы қатысып, 37 спорт түрінен 594 медаль жұбы сарапқа салынды. Ойынның жүлде қоры – 28 миллион сом. Қырғызстан құрамасы жалпы командалық есепте бірінші орынды иеленді. Бұдан бұрынғы ойындарда үшінші орын алған ұлттық құрама ресейліктердің алдын орап, тұғырдың екінші сатысынан көрінді.

Біздің спортшылар 18 алтын, 24 күміс және 34 қола медаль алды.

Әбдіманап КЕНЕС,
Қырғызстан

«Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылғы тұжырымдамасында» балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері мен олимпиада резервтеріне ыждаһаттылықпен көңіл бөлінген. Аталған құжатта «Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері мен олимпиада резервінің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектептерінің жұмысына қойылатын талаптардың ойқын жүйесін қалыптастыру қажет, мұның негізіне, дене күшінің және техникалық даярлықтың, дене дамуы мен денсаулық жағдайын бағалаудың үлгілік сипаттамаларын есепке ала отырып, дарынды жас спортшыларды ұзақ жылғы спорттық іріктеу қағидаттары салынатын болады» делінген.

Осыған орай, Jas qazaq ұлттық апталығының тілшісі Астана қаласы Туризм, дене тәрбиесі және спорт басқармасы «Спорттық ойын түрлері бойынша Балалар мен жасөспірімдердің спорт мектебі» мемлекеттік мекемесі «№9 Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны директоры Айдын Тоқбаевпен әңгімелесіп қайтқан еді.

Jas qazaq: Айдын Қайроллаұлы, өзіңіз басқарып отырған мектептің тыныс-тіршілігімен қысқаша таныстыра кетсеңіз.

А.Тоқбаев: Біздің мектепте 561 оқушы бар. Олар спорттың 8 түрі бойынша жаттығу жасап, дайындалады. Оның

салынады деп үміттенеміз. Барды да бар деу керек. Әлемдік талапқа сай салынған оқ ату тирі бар. Оқушыларымыз сол жерде де жаттығады. Сол сияқты жеңіл атлетика манежінің құрылысы басталды. Оны да пайдаланамыз деп ойлаймын.

Jas qazaq: Мектептегі шәкірттеріңіздің жетістіктері қандай?

А.Тоқбаев: Спорт болған соң, жеңіс пен жеңіліс қатар жүреді. Соған қарамастан, елеулі жетістіктеріміз баршылық. Атап айтар болсақ, Кирилл Герасименко деген оқушымыз үстел теннисінен халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы. Өткен жылы ересектер арасында Қазақстан чемпионы атанды.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДОДАДА ДЕС БЕРМЕЙДІ



«Басты қағидаттар – спортпен және дене шынықтырумен шұғылдануға тең мүмкіндік жасау, талантты адамдардың дамуына жәрдемдесу.

Сааламатты ұрпақ қалыптастыру мақсатында спорттық іс-шараларға тең мүмкіндіктер мен тең қолжетімділік арқылы бала жасында бастапқы тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету қажет.

Стратегиялық маңызды міндеттер – елдің барлық өңірінде балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері желісін жоспарлы дамыту, спорт түрлерінен спорт федерацияларымен ынтымақтас спорт секциялары мен клубтары қызметін жандандыру арқылы дене шынықтыру және спорт саласында қосымша білім беру жүйесінің дамуын ынталандыру»

(Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылғы дейінгі тұжырымдамасынан)

Рио Олимпиадасына қатысқан. Дәл осы үстел теннисінен Анастасия Лаврова деген қызымыз бар. Еліміздің спорт шебері. Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы. Қазақстан спартакиадасының жеңімпазы.

Семсерлесу спортынан Элия Мұкатова – Қазақстанның спорт шебері, ел чемпионы. 2013 жылы Бангкокте өткен Азия чемпионатында күміс жүлдеге ие болды. Нұрса Шардарова – 2014 жылы жастар арасында Иорданияда өткен Азия чемпионатында екінші орын иеленді. Назарбай Саттархан мен Сұлтан Рахмонов – Қазақстан чемпиондары, спорт шеберлері, екеуі Таиландта өткен Азия чемпионатында командалық 2-орынға ие болды. Саттархан биыл Францияда жастар арасындағы әлем чемпионатында 8-орынға тұрақтады. Бұл да болса мектебіміз үшін жетістік болып саналады. Дубайда өткен

жастар арасындағы турнирде жекелей және командалық 3-орынды олжалады. Қазіргі бессайыста да жетістіктер баршылық. Анастасия Пятунина – спорт

А.Тоқбаев: Андрей Могилевский 2014 жылы Инчхондағы Азия ойындарының қола жүлдегері, халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы. Рио Олимпиадасына да лицензия алды 2016 жылы. Нысана көздеуден Юлия Камендрани ерекше атай кеткім келеді. Тапанша атудан халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Қазақстанның абсолютті

чемпионы. Өзін жақсы қырынан көрсетіп жүрген жас өрен. Өткен жылы Біріккен Араб Әмірліктерінде өткен халықаралық жарыста 5-орын алды. Ганновердегі халықаралық жарыста 8-орынға табан тіреді. Бұдан бір жыл бұрын Шымкентте ұйымдастырылған В.Почивалов атындағы халықаралық сайыста топ жарды. Бірнеше дүркін ел чемпионы. Юлияның болашағынан зор үміт күтеміз. Ал енді жеңіл атлетикаға тоқтала кетсек, бірнеше жақсы спортшыларымыз бар. Әрқайсысы өз жастары бойынша ел құрамаларына ілініп жүр. Соның

бірі – Александр Каспер. Биыл Азия ойындарына қатысты. Спорт шебері деген атағы бар. Әлі талай топ жаратынына сенімім зор. Сондай-ақ, садақ атудан Омар Бакбергелді айта кетуге болады. Ол жасөспірімдер арасында Қазақстан чемпионы. Спорт шеберлігіне үміткер. Алдияр Сағындықов деген баламыз бар. Ол да жасөспірімдер арасындағы ел чемпионы, спорт шеберлігіне үміткер. Жастар арасында да топ жарып жүр. Елена Ноженко, Сергей Денис – биыл

Батумиде өткен Аджария кубогы турнирінде қола медаль жеңіп келді. Басқа да спортшыларымыз жетерлік.

Jas qazaq: Тамаша! Мұндай нәтижелерге жету үшін балаларға күнделікті жаттығудан бөлек қажырлық пен тәзім керек шығар?

А.Тоқбаев: Оныңыз рас.

Жаттықтырушылар, медицина қызметкерлері білікті болу керек. Біздің мамандарға көңілім толады. Бапкерлер де осал емес. Галина Корча - нысана көздеуден Қазақстанға еңбегі сіңген жаттықтырушы. Светлана Ли – садақ атудан Қазақстанға еңбегі сіңген жаттықтырушы. Айта берсек, бәрі үздік деуге лайықты. Мамандарымызда жауапкершілікті сезіну бар. Мақсат қойып, оны орындау да өз деңгейінде жүзеге асып жатыр.

Jas qazaq: Алдағы мақсаттарыңыз туралы не айтасыз?

А.Тоқбаев: Мақсат көп. Армандарымыз да бар. Олардың орындалуы жолында талмай еңбек ету керек. Олимпиада, Азиада ойындарына шәкірттерімізді көптеп шығаруымыз керек. Шығарып қана қоймай, олардың көк байрағымызды желбіретуіне бар жағдайды жасауымыз қажет. Оған мемлекет тарапынан барлық жағдай жасалған деуге болады. Мемлекет



Мектептің семсерлесу спорты бөлімінің тәлімгерлері

шеберлігіне кандидат. Биыл Испанияда жастар арасында әлем чемпионаты өткен болатын. Қола жүлдені қанжығалап келді. Білген адамға бұл өте тамаша нәтиже.

Jas qazaq: Стенд ату, нысана көздеу мен үстел теннисі бойынша жетістіктеріңізді айта кетсеңіз.

басшысының спортқа деген оң көзқарасы әлі талай жетістіктердің жалғасы болары анық.

Jas qazaq: Жеңісті күндерде жолыққанша!..

Сұхбаттасқан
Мадияр АРЫСТАНБАЕВ



AINA

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz



ЖАС ҚАЛАМ

Балалардың ақыл-ойын дамытуға аңыз-әңгімелер мен ертегі оқудың маңызы зор. Халқымыздың асыл қазынасымен сәбилерді сусындату үшін ертегіден артық рухани қазына жоқ. Ертегі тыңдау арқылы жас бала жаман мен жақсыны, шын мен өтірікті ажыратып, өзіне керек тәрбие ала алады. Ал Қызылорда қаласында тұратын

12 жастағы Алтынай Берік – ойы орамды, тілі жеңіл ертегілердің авторы. Алтынайдың ертегі жазу стилі де ерекше. Ол алдымен сурет салады. Содан кейін салынған суреттің желісі бойынша өзі ертегі құрастырады.

Ертегіші қыз

Ертегіші қыздың әжесі Шолпан Шөріпбайқызының айтуынша, немересінің туындылары «Ұлан», «Балдырған», «Ақ желкен», «Мөлдір бұлақ», «Ертегілер елінде» секілді газет-журналдарда жарияланып тұрады. Алтынайдың стилі, яғни суретке қарап ертегі құрастыру өте сирек кездесетін жағдай. Ертегіші қыздың газет-журналға жіберген шығармаларының барлығы редакцияланбай, қалам тимей, сол күйінде жарық көреді екен.

Алтынай көпбалалы отбасында тәрбиеленіп жатқан, жеті баланың ішіндегі екіншісі. Әкесі – қарапайым жұмысшы. Анасы бала тәрбиесімен айналысады. Қазір Қызылорда қаласындағы №267 мектептің 7-сыныбында оқиды.

Ол – 40-қа жуық ертегінің авторы. «Ақ көжек», «Мөлдір бұлақ», «Қызыл қораз», «Түйе», «Қамқорлық» «Тасбақа» сынды туындыларымен түрлі республикалық байқауларда топ жарған жас дүлдүл. Ертегіші қыз қиял-ғажайыпқа толы әңгімелерді 7 жасынан бастап жазыпты. Бұдан бөлек, түрлі тақырыптағы өлеңдері мен әңгімелері тағы бар. Жас балғын «Ұқпаса айтқан сөз жетім» атты ертегісімен ең жас автор

ТАСБАҚА



Ерте заманда бір тасбақа болыпты. Ол арқасындағы ақыр жүгін арқалап, өмірі бейнәтпен өтіп келеді екен. Бірде алыс сапардан әбден шаршап, шөлдеп келе жатқан бір жолаушыға кез болыпты. «Ей, жолаушы! Қайдан келесің?» – дейді. Жолаушы жауап беруге шамасы келмей, ағаш түбінде жүрелеп отырып, ұйықтап кетеді. Ояна келе алдында бір үзім нан мен бір кесе су тұрғанын көреді. Жан-жағына жалтақтап қарап еді, ешкім көрінбеді. «Менің жағдайымды жасаған кім екен?» – деп таңғалды. Сол кезде тасбақа:

– Шөлің қанып, қарныға ас барды ма? – деп сұрайды.

– Тасбақа, рахмет! Бұл жақсылығыңды қалай қайтарсам екен? – дейді жолаушы. Сонда тасбақа:

– Мына жерде бұлақ бар. Сол бұлақтың көзі бітеліп, түбі тартылып, жағдайымызда қиындатып жіберді. Құмның арасында жұмыртқадағы балаларымның өніп шығатын



Мен қазақтың ұлы дала иесі,
Қазақ тілдің арта берсін үлесі.
Жалындаған жырлары мен нұрланып
Найзағайдай жарқырап тұр киесі.

Қазақтың рухқа заман дем беруде,
Көпұлттық бағдарлама өңделуде.
Енді елде тұратын барлық ұлттар,
Қазақ тілін тиісті меңгеруге.

Алтынай БЕРІК,
Қызылорда қалалық

№267 мектептің 7-сынып оқушысы



Алматыдағы Ә.Қастеев атындағы Бейнелеу өнері және техникалық дизайн мектебі – жас таланттардың қарашаңырағы. Бүгінде мектепте 38 білікті ұстаз мың жарым балаға білім беруде. Мұнда «Бейнелеу өнері», «Техника және дизайн», «Клуб қызметі» бөлімдері жұмыс істейді.



Мектепке бас сұққан сәттен бастап суретшілік өнердің мың бояуымен араласып кеткендей болды. Жас суретшілер тек қағазға ғана емес, киімге де, қабырғаға да, қиялы жеткен жердің бөріне сурет салады. Тіпті біз көгiлдiр экраннан тамашалап жүрген мультфильм кейiпкерлерi де балдырған суретшiлердiң қылқаламына арқау болыпты.



Сабина Дәрменова, 7 жаста



Алдир Құрманғалиев, 7 жаста



Аяла Тұрғанали, 7 жаста

Бұл мектептің оқушылары тек сурет салып қана қоймай, қолжетімді материалдан түрлі қолөнер бұйымдарын да жасайды. Біз білім ошағына кірмес бұрын, мектеп ауласында қиялы



балдырғандар қыш өнері мен керамикаға қатты қызығады. Олар әр нәрсені білуге, үйренуге бейім. Біздің оқушылардың жасаған туындылары қаладағы түрлі жәрменкелерге қойылды. Ал талантты балаларымыз халықаралық деңгейдегі жарыстарда топ жарып жүр», – деді. Бейнелеу өнері пәнінің мұғалімі Юрий Кузнецовтың айтуынша, қазіргі балалардың қиялы ұшқыр. «Мен бұл мектепте бейнелеу өнері мен қол өнерінен сабақ беремін. Оқушыларым – 5-10 жас аралығында. Олардың өнерін шыңдауға материалдық базаның барлығы қамтылған. Қазіргі оқушыларым қолжетімді материалдардан,

Өнер мен өрен

мен шабытын ұштастырып ақ қағазға әдемі бейне салып отырған бүлдіршіндерді кездестірдік. Әрқайсысы өз әлеміне кіріп кеткендей, қиялындағы бейнені іздейтін сынайлы. Мектептің ішінде босағадан бастап қабырға, есік-терезенің бәрі мың бояулы сурет. Мектеп директоры Рамазан Тұңғышбаев кез келген мәдени мұраны сақтауды, оны халық арасында насихаттауды және одан ары дамытуды балдырғандардан бастау қажеттігін айтады. Ол: «Шын мәнінде, көркемөнер, музыкалық немесе хореографиялық мектептерді бітірген шығармашылықтағы балалар ғана рухани жағынан бай болып, кез келген салада қоғам мен мемлекетке өз пайдасын тигізе алады», – деді. Біз осындағы жас таланттарға бағыт-бағдар беріп, шығармашылығын шыңдап отырған мектептің ұстаздарын да әңгімеге тарттық.

Өнер мектебіндегі «Қыш өнері мен керамика» курсының мұғалімі Алмас Әшкеев «Мен балаларға мүсін өнері мен керамика жасау пәнінен курстық сабақ беремін. Осы салада жұмыс істегеніме 6 жылдан асты. Басында тек мүсін өнерімен айналыстым. Кейін қыш өнеріне ауысып,



Бейнелеу өнері пәнінің мұғалімі Юрий Кузнецов

яғни тұзы көп қосылған қамырдан түрлі бұйым жасап үйренуде. Тұзы көп қосылған



«Қыш өнері мен керамика» курсының мұғалімі Алмас Әшкеев

осы саланы да меңгеріп, оқушыларыма үйрете бастадым. Менің курсыма 7-17 жас аралығындағы балалар қатысады. Әсіресе,

қамыр қатты келеді ғой. Ең бастысы, біздің мектепке келетін балалардың шығармашылық ортасы қалыптасқан.

Әрбір жас талант өзінің қиялындағы нәрсені туындыға айналдыра алады. Біз олардың әрқайсысына қабілетіне қарай тапсырма беріп, өзіне жақын жанрды жетік меңгеруіне септесеміз», – дейді ұстаз.

Өнер мектебінің әр қабырғасында талантты оқушылардың туындылары ілінгіпті. Бір-біріне ұқсамайтын ерекше шығармалар көздің жауын алады. Мектептен шығарда түйген ойымыз – Әбілхан Қастеев ағамыздың ізбасарлары көп екен.

Бетті дайындаған
Мақпал НОҒАЙБАЕВА
Суреттерді түсірген
Ғалия ҚАЛИЕВА

Бас редактор – директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ
Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА –

арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС –

жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА –

терімші

Айдоқ ҚҰСАЙЫНҰЛЫ –

web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Бейсен НАРЫНБЕК – Астана қаласы (8 702 799 79 23)

Байқал БАЙӘДІЛОВ – Ақмола және
Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Лина АЙДЫН – Алматы облысы (8 707 666 16 03)

Баиян ЖАНҰЗАКОВА – Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Айхан БАШТАШ – Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы: 050012, Алматы қаласы,
Мәуленов, 85 үй, №61 кенсе, 3-қабат (Бағбанбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.
2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және
коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде
қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігіні алды.
Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын
білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс
беруші жауапты.

Газет «Дәуір» ЖШС РПІК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс – №2130;
Бағасы келісім бойынша
Айлық таралымы – 38 000 дана

www.jasqazaq.kz
E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «AirAstana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуекомпанияларының ұшақтарында бар.